

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-
Түрік университеті



Международный казахско-турецкий университет
имени Х.А.Яссави

БӨЖ

Емшара кабинетін санитариялық –індетке
қарсы шарамен қамтамасыз ету

Орындаған:Өтеева А
Қабылдаған: Тағынбаев Е.
Тобы: ЖМ-720

Түркістан 2020 ж

* Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Санитарлық – эпидемияға қарсы тәртіптер
- Зарарсыздандыру
- Ерекше стерильді аймақ

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер:



Санитарлық- эпидемияға қарсы тәртіп дегеніміз аурухана ішілік жұқпаның таралмауын алдын алуға бағытталған санитарлық- профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жиынтығы.

Асептика дегеніміз -пациенттің ағзасына микроорганизмдерді түсірмеуді алдын алуға бағытталған іс шаралар жиынтығы. Ол зарарсыздандыру және залалсыздандыру жолымен микробтар және оның спораларын жою арқылы жүзеге асады.

Ауруханалар үнемі емдеуге және анықталған аурулары бар (мысалы, хирургиялық, терапиялық, инфекциялық, психотерапиялық және т.б) пациенттерді күтуге арналған.

Стационар аурухананың негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады.



- * Палаталардағы құрал-жабдықтар бөлімшенің саласына және санитарлы нормаға сәйкес келеді.
- палаталар бір орынды немесе бірнеше орынды болып бөлінеді;
 - алаталарда төсектер (қалыпты немесе функциональды), төсек маңында тумбочкалар және орындық немесе үстел, пациенттің киімін ілетін шкаф, мұздатқыш, жуынатын орындары;
 - төсектердің бас жағын қабырғаға жақындатады, төсектердің бір-бірінен ара-қашықтығы бір метрдей шамасында болады,
 - Пациентпен бекеттегі мейірбикенің арасындағы байланыс сөйлесу құрылымы арқылы немесе жарықты сигнализацияның көмегімен жүзеге асуы тиіс;
 - стационардың арнайы бөлімшелерінде әр бір төсек орталықтандырылған оттегі беруге және басқа да медициналық аппараттармен жабдықталуы тиіс;



Түнгі уақытта палата есіктің қасында еденнен 0,3 метр биіктікте орналасқан түнгі жарық шаммен жарықтанды.

Палата ішіндегі ауада көмір қышқыл газының концентрациясы 0,1% -тен аспау керек, салыстырмалы ылғалдылығы 30—45%

Ересек адамдардың палатасындағы ауа температурасы 20°C-ден аспайды, ал балалар палатасында - 22°C.

Бөлімшеде пациенттердің 50% -тін бірден тамақтандыратын ас тарату бөлмесі және асхана бар.

Бөлімшедегі дәліз каталка, зембілдердің еркін қозғалуы үшін кең болуы керек

Күндізгі уақыттағы жарық коэффициенті терезе аумағының еден аумағы қатынысына тең 1:5—1:6 сәйкес.

Кешкі уақытта палата жарығы люминесцентті шамдармен жарықтанады.

Қабылдау бөлімшесінің санитарлық, санитарлық-эпидемиологиялық тәртібі:

- *Қабылдау бөлімшесінде барлық келіп түсетін науқастардың жұтқыншағын қарау, температурасын өлшеу, сырқатнамасына белгі қоя отырып, педикулезге, қышымаға, дерматомикозға тексеру жүргізіледі. Зертханалық зерттеулер жүргізу үшін көрсеткіштер бойынша биоматериал алу жүргізіледі.
- *Инфекциялық ауруға күдіктену кезінде пациентті инфекциялық аурулар бөлімшесіне (ауруханаға) ауыстырғанға дейін қабылдау бөлімшесінің жанындағы диагностикалық палатаға оқшаулайды. Науқастар стационарға келіп түскен кезде қабылдау бөлімшесінде санитариялық өңдеуден өтеді және таза іш киімдер, пижама, аяқ киім жиыны беріледі. Стационарда, туберкулезге қарсы ұйымдарда емделіп жатқан науқастарды қоспағанда, науқастардың үй киімімен жүруіне жол беріледі.



Босанатын бөлімшенің санитарлық-эпидемиологиялық тәртібі

* Босанатын әйелге айғақтар бойынша тексеруден кейін немесе әйелдің қалауы бойынша санитариялық өңдеу жүргізіледі. Жеке босандыру палатасы сұйық сабынмен, антисептикпен, бір рет пайдаланылатын сүлгімен, қол жуу техникасы бойынша қабырғалық көрнекі құралмен, кілемшемен, доппен, швед шкафымен қамтамасыз етіледі. Палаталарда ылғалды жинауға болатын заттарды қолданған жағдайда еркін интерьерге, ана мен бала үшін өзінің таза киімін қолдануға жол беріледі. Босандыру палатасында ауаның температурасы кемінде $+25^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс. Егер мерзімінен бұрын босану күтілетін болса, ауаның температурасы кемінде $+28^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс. Босанғаннан кейінгі бөлімшенің палаталары циклмен, кемінде үш-бес күн болудан аспайтындай етіп толықтырылуы тиіс, үй-жайдың температурасы кемінде 25°C болуы тиіс. Ана мен бала бірге болатын палатада жаңа туған нәрестелер үшін жеке балалар төсектері және жаңа туған нәрестелерге арналған құндақтайтын үстел орнатылады. Шала туған балаларға арналған палатада ауаның температурасы $+25^{\circ}\text{C}$ – $+28^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс.



Инфекциялық аурулар бөлімшесінің санитарлық-эпидемиологиялық тәртібі.

* Бөлімшелердің жұмысы палатада пациенттерге қызмет көрсету және медициналық көмек көрсету қағидаты бойынша ұйымдастырылады. Персоналдың боксқа кіру есігі арнайы киімді ауыстыру, қолды жуу және дезинфекциялау жүргізілетін шлюздер арқылы инфекциялық емес «шартты таза» дәліз арқылы көзделеді. Инфекциялық аурулар бөлімшесінің бокстарында палатаға шлюздерден әйнектелген жақтаулар, шлюзден палатаға тамақ, дәрілік заттар мен киім-кешекті жеткізуге арналған беру шкафы көзделеді. Боксталған палаталарда осы шкафтар дәлізден палатаға ұйымдастырылады. Науқастардың тамақтануы палатада жүзеге асырылады. Ішек инфекциялары бар науқастар жеке таңбаланған түбектермен (астыға төселетін төсеммен) қамтамасыз етіледі, олардың таңбасы науқастың кереуетінің нөміріне сәйкес келеді. Науқастың бөлінділері заарсыздандырылады.



Науқастарды тамақтандыруды ұйымдастыруға, медицина персоналының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

* Денсаулық сақтау объектісінің ас блогын инфекциялық бөлімшелерден басқа корпусстармен және бас корпуспен қолайлы жер асты және жер бетіндегі көлік байланыстарымен қосылған, бөлек тұрған ғимаратта орналастырады. Тағамдарды дайындау кезінде өндірістік үдерістің ағымдылығы қатаң сақталады. Шикізат пен дайын өнімдердің қарама-қарсы ағымына жол беруге болмайды. Шикізатты, тағам өнімдерін тауар көршілестігі қағидаларын сақтай отырып сақтайды. Тоңазытқыш жабдығы болмаған жағдайда тез бұзылатын тағам өнімдерін сақтауға жол берілмейді. Күнсайынғы таратылатын ас мәзірін жасау кезінде «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы №128 қаулысымен бекітілген тамақ нормалары ескеріледі. Ас мәзірін әзірлеген кезде өнімдер мен тағамдарды ауыстыру күндерінде емдәмнің химиялық құрамы мен тағамдық құндылығын (құнарлылығын) есептеу жүзеге асырылады. Күнсайын ас блогында дайын тағамның тәуліктік сынамасы қалдырылуы тиіс.

Терапиялық бөлімшедегі ішкі тәртіптің үлгісі

6—7 сағат	Ұйқыдан тұру, дене қызуын өлшеу
7 — 8 сағат	Таңертеңгі жуыну
8 — 10 сағат	Таңғы ас
10 — 12 сағат	Дәрігерлердің шолуы
12 — 14 сағат	Дәрігерлердің тағайындауын орындау
14 — 15 сағат	Түскі ас
15— 17 сағат	Тыныштық сағаты (дем алу)
17— 18 сағат	Серуендеу, туыстарының келуі
18— 19 сағат	Дене қызуын өлшеу
19 — 20 сағат	Кешкі ас
20 — 22 сағат	Бос уақыт
22 сағат	Түнгі ұйқы

Емдеу мекемесінің мейірбикесі әр уақытта таза және ұқыпты болу керек. Жұмыс киімі үстіндегі киімін толығымен жауып тұру қажет. Шашы толығымен қалпақтың ішіне салынады. Екінші аяқ киімі дезинфекциялауға ыңғайлы, тығыз материалдан тігілу керек. Босандыру бөлімшесінде, инфекциялық бөлімшеде, операциялық блокта емдеу мекемесінен тыс жерлерде жұмыс киімімен және екінші аяқ киіммен жүру үшін арайы екінші киім қажет.

Қорғану киімдерін қолдану ережелері.

Халаттар, алжапқыштар – науқасты күту, инфекцияның таралуын алдын-алу үшін қолданады және оларды науқастың үстіндегі киімі немесе астындағы төсек жаймасы сияқты әрбір емшараны аяқтаған соң ауыстырып отырады.

Қолғаптар – таза және стерильді түрде қолданылады.

Оларды киеді



ООО "Современные приборы" (3412) 51-30-20 sovpribor@mail.ru



Жұмыс орнындағы мейірбике қауіпсіздігінің жалпы шаралары.

Мейірбике міндетті:

- 1.қолды жуу деңгейін сақтауға
- 2.қанмен және биологиялық сұйықтықтармен жанасқан кезде қолғап киюге
- 3.қолғапты шешкеннен кейін қолын жууға
- 4.инфицирленген материалдар төгілген немесе шашылған кезде оларды тез арада жинап алуға
5. залалсыздандыру құралдары, тәсілдері және режимі көрсетілген құжаттарға сәйкес науқасты күтуге қолданған құрал-жабдықтарды, қолданған таңу материалдарын залалсыздандыру.

Аурухана ішілік инфекцияны (АИИ) алдын-алу

АИИ-ны алдын-алу мақсатында денсаулық сақтау мекемелерінде мынадай шаралар жиынтығы жүргізіледі:

1. санитарлы-гигиениалық режим сақталынады
2. стационарға пациенттерді қабылдау тәртібі сақталынады (жалпы қарау және педикулез табылған жағдайда оны тазарту, дене қызуын өлшеу, стафилакокқа мұрын және аңқадан жұғынды алу).
3. тазалау, тазалау құралдарын залалсыздандыру және қолдану, оларды сақтауды санитарлы бөлім қадағалайды.



Зарарсыздандыру, дезактивация (лат. *de*, франц. *des* – болмау, болдырмау, жою, төмендету және лат. *activus* – белсенді), әскери істе – әскерлерді радиоактивті заттардың зарарынан қорғау үшін қару-жарақтардан, киім-кешектерден, азық-түлік пен судан, қорғаныс бекіністері мен қоршаған ортадағы басқа да нысандардан зарарлы заттарды кетіріп, қауіпсіз дәрежеге жеткізу.

Зарарсыздандыру механикалық (жартылай) зарарсыздандыру және химиялық (толық) зарарсыздандыру болып бөлінеді.

Ерекше стерильді аймақ

*Ерекше стерильді аймақ дегеніміз қатал септиканы қажет ететін аймақ. Мұндай аймаққа операция бөлмесін, таңу бөлмесін, процедура бөлмесін және қан компоненттерін дайындайтын бөлмені жатқызады. Қан компоненттерін дайындауға арналған үй-жайлар қатаң түрде мақсатына байланысты пайдаланылуы тиіс. Осы үй-жайларға кіру персонал үшін шектеледі. Өндірістік және зертханалық үй-жайлар басқа үй-жайлардан бөлек орналастырылады, тек арналған мақсаты үшін пайдаланылады және санкцияланған рұқсаты болады.



Қанды және қанның компоненттерін сақтау және тасымалдау үшін мынадай «салқын тізбек» шарты сақталады:

1)қан өнімдерін сақтау және жеткізу шарттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін тоңазыту жабдығы – термоконтейнерлер немесе авторефрижераторлар;

2)тиісті температураны сақтауға, өнімді физикалық зақымданудан және микробиологиялық ластанудан сақтауға мүмкіндігі бар қаптама;

3)барлық кезеңдерде температуралық режимнің сақталуын тұрақты бақылау. Қан алу асептика қағидаларын сақтау арқылы жүргізіледі.

Қорытынды

- * Жалпы тақырыпты қорытындылай келе денсаулық сақтау объектілерінде қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруда үлкен рөл атқаратындығын айтуға болады. Ауруханалардағы әр түрлі бөлімшелердің өздеріне тән бағытта қызмет атқаруына байланысты, әр бөлімшеге қойылатын санитарлық талаптар да әр түрлі болып келеді. Бірақ санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың жалпы міндеті аурухана ішілік жұқпалы аурулардың таралмауының алдын алу шараларын ұйымдастыру болып табылады. Санитарлық талаптарды сақтау ауруханалар мен емханалардағы науқастардың сауығуына тікелей әсер етеді. Осы санитарлық талаптардың қатаң түрде сақталуы мен орындалуын мейірбикелер қадағалайды, атқарады. Емдеу мекемелеріндегі санитарлық, эпидемияға қарсы талаптарды қамтамасыз ететін іс-шаралардың бірі-зарарсыздандыру арқылы жүзеге асатын асептика мен антисептика талаптарының орындалуын жүйелі бақылау және қатаң түрде сақтау болып

Қолданылған әдебиетер:

- **Молотов-Лучанский В.Б., Туймебаева А.Т., Туймебаев А.А.**
- **<http://www.tubdis.kz>**
- **Мухина С.А., Тарновская И.И. Практическое руководство к предмету основы сестринского делу.**
- **“Мейірбеке ісі” мамандығы бойынша стандартты оқулықтар. Алматы, 1992 ж.**
- **“Клинакаға кіріспе” А.Д.Каркабаева, Ж.И.Аубакирова, М.А.Манаева, Д.Ж. Смаилова.**